

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№1 (122) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 40 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы	162

Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот»	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец»	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой	162

Contents

<i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i> Interrelation of precedent texts and intertextuality	8
<i>Aimoldina A.A.</i> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying	14
<i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research	20
<i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class	32
<i>Japanova M.E.</i> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov	37
<i>Zhumsakbayev A.T.</i> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»	46
<i>Zhumataev E.</i> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece	50
<i>Zilinka M.N.</i> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov	58
<i>Kadyskyzy A., Khassenova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation	64
<i>Kasymova A.A.</i> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages	71
<i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan	76
<i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group	81
<i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i> Formation of Nogai literary language	88
<i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education	105
<i>Orazbayeva E.S.</i> Analysis and translation of cancer terms	112
<i>Otelbay G. T.</i> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages	119
<i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin	125
<i>Seiitova Sh. B.</i> Informational motives of some ethnonyms	132
<i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i> The study of exclamatory sentences of the kazakh language	138
<i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i> Phonetic interpretation of the language without translation	143
<i>Sharipova G.A.</i> Islamic Universum of Culture	147
<i>Sharip A.Zh.</i> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features	151
<i>Shokabayeva S.</i> Connection of word-formation with phones	162

G.A. Sharipova

L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Islamic Universum of Culture

Abstract. This article examines the works of foreign literature of the mid XIX century and the beginning of the twentieth century that have been little studied in Russian philological science, the subject of which have become the life and teachings of Muhammad. It is asserted that almost for the first time the image of the legendary person was presented on the principle of reasonableness and justice, which became possible due to the culture of the New Time. Based on the results of the study of selected historical and philosophical works, the author's conclusions are drawn.

Key words: T. Carlyle, V. Irving, V.S. Solovyov, the prophet, the revelation, the messenger, the religion of the Scripture, the spiritually mystical, the people of the Book.

References

- 1 Mechkovskaya N.B. Yazyk i relighiya: Posobiye dliya studentov gumanitarnykh vuzov [Language and Religion: A Handbook for Students of Humanitarian Institutions]. (Aghenstvo FAIR, Moskva, 1998. S. 325). [in Russian]
- 2 Karleil Tomas. Teper i prezhde / Sost., podg. teksty i primech. R. K. Medvedevoi [Now and before / Comp., Prep. texts and notes. R.K. Medvedev's]. (Respublika, Moskva, 1994. S. 415). (Library of Ethical Thought). [in Russian]
- 3 Irving Vashington. Zhizn Muhameda: Kniga o proroke [The Life of Muhammad: The Book of the Prophet]. (Zhazushy, Alma-Ata, 1990. S. 304). [in Russian]
- 4 Soloviyev V. Magomet. Zhizn i relighiya [Mohammed. Life and religion]. (Zhazushy, Alma-Ata, 1990. S. 80). [in Russian]
- 5 Volter. Orleanskaya devstvenitsa. Magomet. Filosofskiye povesti. Per. s frantsuz [Orleans virgin. Mahomet. Philosophical stories. Trans. with the Frenchman]. (Hudozhestvennaya literatura, Moskva, 1971. S. 720). [in Russian]
- 6 Pushkin A.C. Complete works [Complete works]. In 10 t. (Nauka, Leningrad, 1977. Volume books I. S. 193). [in Russian]

Сведение об авторе:

Шарипова Гулбану - кандидат филологических наук, профессор. Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Sharipova Gulbanu - Candidate of Philology, Professor. Eurasian National University named after LN Gumilev, Astana, Kazakhstan

FTAMP 17.09.91; 17.07.31

А.Ж. Шәріп

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: amantay_sh@hotmail.com)

**Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы:
рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер**

Аңдатпа. XX ғасыр басында түркі халықтарының рухани өміріне белсене атсалысқан алдыңғы қатарлы қаламгерлер шоғыры кейінгі ұрпаққа бай әдеби мұра қалдырды. Солардың бірі – «Шығыстың Шекспирі» атанған әзербайжан ақыны, драматургы Хүсейін Жавид. Өкінішке қарай, оның шығармалары қазақ оқырманына бейтаныс болып келеді. Мұның негізгі себебі – өзара аударма тәжірибесінің жүйелі түрде жолға

қойылмағандығы және қазақ-әзербайжан әдеби байланыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеудің осы уақытқа дейін жеткілікті дәрежеде қолға алынбағандығы. Сондықтан бұл бағытта әдебиеттанушылардың алдында тың мақсаттар пен міндеттер тұр. Негізінен Низами Гәнжәуи, Абай Құнанбаев, Мырза-Фәтәли Ахундзаде секілді классиктері шығармаларынан ғана азды-көпті хабардар екі халықтың арғы-бергі әдебиетіндегі құбылыстарды ең алдымен салыстырмалы-тарихи әдіс тұрғысынан таразылау қажет. Бұл мақалада Хүсейн Жавидтің өлеңдеріндегі романтизм оның өзімен замандас қазақ ақындарының (М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Күлеев) поэзиясындағы ұқсас сарындармен ұштастыра қарастырылып, екі ел әдебиеті дамуының сол кезеңіндегі идеялық-көркемдік ізденістер көп ретте ортақ мәдени-рухани арнадан бастау алғандығы нақты мысалдармен дәлелденеді.

Түйін сөздер: ұлттық поэзия, әдеби байланыстар, романтизм, Батыс-Шығыс, адамгершілік мұраттар, түрікшілдік сарындары.

Кіріспе. ХХ ғасырдың басында Ресей империясының қол астына қараған аймақтарда, оның ішінде әзербайжан елі мен қазақ жұртында орын алған қоғамдық-саяси оқиғалардың өз ерекшеліктерімен қоса, ұқсайтын жақтары да көрініс берді. Ең алдымен екі халықтың да ұлттық сана-сезімінің күрт ояну үдерісі жүзеге асып, басқаға бодан болудан құтылудың қамын қарастырған еркіндік, егемендік мұрат-мүдделері саясат сахнасына шықты. Бүкіл әлемдік тарихи өзгерістердің аясында әр этностың мәдени-рухани өмірінде жаппай жаңарулар, тың түрленулер анық аңғарылды. Әуелі төл топырақтың, содан соң Батыс пен Шығыс өркениетінің құнарын сіңірген ұлттық сөз өнері сапалық серпіліске бет бұрды. Жер жүзілік әдебиеттің жетістіктерінен өнеге алған көркемдік ізденістер өріс ашып, қанат жайды. Басқа табыстармен қатар, соны бітімдегі романтикалық әдебиеттің қайталанбас үздік шығармаларының бірқатары осы кезеңде дүниеге келді. Әзербайжан мен қазақ әдебиетінен де осы тенденцияны аңғарамыз.

Зерттеу нысаны, мақсаты. Тек әзербайжандардың ғана емес, жалпы түркі руханиятының шежіресінде көрнекті шайыр әрі «Шығыстың Шекспірі» атанған драматург Х. Жавидтің (1882-1941) орны айрықша. Ақынның «Кешкен күндер» (Тифлис, 1913), «Көктемгі шық» (Баку, 1917) атты жыр жинақтарында топтастырылған өлеңдері – ешқашан құнын жоғалтпайтын дүниелер. Ол 1910-1926 жылдар ішінде 9 пьеса жазған; олардың алтауы Қазан төңкерісіне дейін, ал үшеуі кеңестік кезеңде қағазға түсті. «Шейх Санан», «Ібіліс», «Шейда», «Афет», «Ақсақ Темір» пьесалары театр төріне шығарылып, көрермендердің шын ықыласына бөленді. 1929-1936 жылдар арасында Х.Жавид өте өнімді еңбек етіп, «Сияуыш», «Шахла», «Хайям», «Ібілістің шабыты», «Атилла», «Шыңғыс» пьесаларын жазды. Бірқатар шығармасы НКВД қызметкерлерінің тінтуі кезінде тәркіленіп, із-түзсіз жоғалып кеткен.

Х.Жавид әділетсіздікке, жауыздыққа, өктемдікке қарсы тұрған тегеурінді әдеби қаһармандардың (Шейх Санан, Сияуыш, Кнәз, Жәлел, Шейда, т.б.) тұтас бір галереясын шеберлікпен сомдады. Оның Пушкин, Лермонтов, Байрон, Гюгоның романтикалық дәстүрлерін жаңғырта отырып, әр жылдары жазған пьесалары әзербайжан әдебиетінің алтын қорына қосылды. Өкініштісі қазақ оқырманы олардың бірде-бірімен таныс емес.

Зерттеудің өзектілігі. Өзара әдеби аударманың тапшылығы, сондай-ақ ғылыми бағыттағы мақсатты зерттеулердің жұтандығы екі ел арасындағы рухани байланыстардың түп-тамырын терең таразылауға қолбайлау болып келе жатқандығы рас. Х.Жавидтің поэзиясын өзімен замандас қазақ ақындарының (М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Күлеев) шығармаларымен тақырыптық, идеялық, көркемдік тұрғыдан салыстыра қарастыру осы олқылықтың орнын толтыруға үлес қосады деген ойдамыз.

Х.Жавидтің мұрасы әзербайжан әдебиеттанушыларының тарапынан мол зерттеліп, жавидтану деп аталатын ғылыми бағыт қалыптасқан. 1912 жылы Баку қаласында Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы «Cavidşünaslıq» («Жавидтану») деген атпен Х.Жавидтің өмірі мен шығармашылығы туралы бұрын-соңды жазылған еңбектерді он том кітап етіп

жарыққа шығарды. Онда жүзден астам автордың мақалалары, рецензиялары, естеліктері, жазбалары, зерттеулері, сондай-ақ ресми деректер мен құжаттар жинақталған. 2013 жылғы 16-18 мамыр аралығында Бакуде «Түркі әлемін нұрландырғандар: М.Акиф Ерсой, Хүсейін Жавид» атты халықаралық конференция өтіп, оның материалдары 65 баспа табақ көлемінде ғылыми жинақ болып басылды. Бұл жинақта Х.Жавидтің шығармашылығы туралы әзербайжан және шетел ғалымдарының 50-ге таяу жаңа мақаласы жарияланды.

Зерттеудің нәтижелері мен талқылауы. Х.Жавидтің шығармашылық жәдігерін зерттеуші ғалымдар оның қабат-қатпары мол туындыларының, әсіресе өлеңдерінің сипатын сараптағанда, тіпті кейде бір-біріне қарама-қайшы келетін сан тарапты пікірлерді өрбітіп жатады. Шайыр жырларынан сопылық сарындарды іздеуден бастап, Ницше философиясымен сабақтастыруға және декаданстық нышандарды термелеуге дейінгі аралықта қилы-қилы пайым тұр. Бұл, сөз жоқ, ақынның бітім-болмысының біржақтылыққа бағынбайтын әмбебаптығын, туындыларының өзегі мен өрімінде күрделі сезім сырларының табысқандығын көрсетеді.

Х. Жавид эстетикасында адамгершілік арман-аңсарлар, олардың түп қайнарлары былғанған қоғаммен, бүлінген құлықпен қарама-қайшылық шарпысында астарын ашады. Ақынның мәңгі бағдары – «шырқау рух», «шалқақ рух» («səhrayı – ruh», “ülvi ruh”). Мұны тойымсыз нәпсінің шырғауына шатылған жұмыр басты пенделер («əsir-i-nəfs») түсінуге, тәпсірлеуге қауқарсыз. Әу баста жәннаттан қуылған Адам Ата мен Хауа Ана ұрпағы күнәға белшесінен батып, соның себебінен тоқтаусыз жапа шегіп келеді. Ақын қиялы кіршіксіз де кемел дүниені ақша бұлттардың ар жағынан, шет қиян кеңістіктің тылсым түкпірінен, жан аяғы баспаған жерден – қысқасы, «алыс көкжиектен» («uzaq üfüq») іздейді. Сол әсемдік, әдемілік әлеміне апаратын жолды ол ғашықтық сезімі деп түсінеді, сондықтан да «менің тәңірім – сұлулық, сүйіспендік» («mənim tanrım - gözəllikdir, sevgidir») деген поэтикалық декларациясын жариялайды. Бұл – оның романтизмінің бірден-бір басты ұраны, эстетикалық қиясы, психологиялық ұйытқысы еді. «Мен солай етер едім...», «Менің тәңірім», т.б. өлеңдерінде ақынның осы іспетті сырлары айқын көрініс тапқан.

Х.Жавид секілді, қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев мен оның талантты шәкірті Бернияз Күлеевтің шығармашылығында да сүйіспеншілік тақырыбы романтикалық биік асқақтықпен астасады. Мысалы, Мағжан: «Әдемі әйел – идеал, Әдемі әйел – бір қиял, Идеал, қиял – бір сағым», - деп жырласа [1, 145 б.], Бернияз: «Жарым – идеал, Барым – қиял, Болсын-дағы өтейін»; «Иманым да, арым да – шын махаббат» [2, 91 б.], - деп оған өзінше үн қосады. Бір айырмашылығы, Х.Жавид сұлулық пен сүйіспендіктің өзін тәңіріге баласа, Мағжан мен Бернияз сүйікті жар бейнесі мен жалғыз жаратушының арасын үйлестіруші.

Мағжан Жүргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен – Аллам!

Бернияз:

... Сен – хорсың, періштемсің, Алламсың – сен,
Мен үшін сенің көркің тәңірімен тең.
...Сен – менің шын сенген Аллам.

Романтикалық поэзияға тән атрибуттардың бірі – рух еркіндігі. Әдебиеттанушы С.Мамедова өз зерттеуінде Х.Жавидтің бостандық идеалын өткінші жалғаннан тысқары, жердің жүзінен жырақ аумақтан іздестіргенін, ол үшін айтылмыш рух еркіндігінің басты идея болғандығын атап көрсетеді [3, 348 б.]. Ақынның «Соғыс және қасірет» («Hərb və fəlakət») атты толғауындағы мына жолдардың өзі-ақ осыған куәлік етеді:

Ұшар, ұшар, жайсаң рухым жер қайғысын құшар,
Ұзақ, ұзақ, шексіз ұзақ мұхит жолын тұсар.
Суық, суық!.. Түн түп-тұнжыр, сұрғылт жиһан сұсты,
Заржақ байғыз зауалымен тінтеді алыс тұсты...

Мағжан үшін еркіндік бейнесі «ғарыш нұрлы жүзі бар, кәусар, жібек сөзі бар, әдемі, алмас ақ қанат» - көктің есігін ашып келіп, жұмақтың ізгі елшісіне айналған періштеге барабар («Бостандық» өлеңі). Х.Жавид өлеңдеріне үндес, үйлесімдес әлгідей сарындар Бернияз жырларында көптеп жолығады. Айталық, «Гүл» атты шығармасында:

Түпсіз, тәнсіз аспан беті түнерген,
Ұшы қайда, шеті қайда тірелген?
Қашан болған, енді қанша тұрмақшы,
Іші толған не сыры бар, білер ме ем?..
Қанатым боп қазір ұшып кетсем ед,
Анау аспан, ай-жұлдызға жетсем ед.
Заты неден, иесі кім, ойы не –
Жұмбақ сырын бірін қоймай шешсем ед... –деп тебіренеді [2, 224 б.].

Сөйтіп, дүние тұңғығына, табиғат құпиясына дендеп, оның ішкі бітім-бедерінен жанға демеу, дәтке қуат іздеу – біз айтып отырған романтик ақындардың тағы да бір ортақ талпынысы. Олардың туындыларында айнала қоршаған жаратылыстың құбылыстары жәй декорация емес, көңіл-күй ауандарымен айқұшақ табысқан жанды кейіпте көрінеді. Қиялы жүйрік қаламгерлер табиғаттан тәңірілік тылсым тануға тырысып, оның қыртыс-қатпары көп құдіретіне жүгінеді.

Сөйте тұра, әсемдік әсерінен шабыттанған романтик ақындар бағзыдан белгілі «өнер – өнер үшін» қағидасының тар қауызында қалып қоймайды. Академик М.Джафаров жазғандай, шығармашылығының алғашқы кезеңдерінде-ақ әлеуметтік қарама-қайшылықтарға немқұрайды қарай алмаған Х.Жавид гуманистік идеяларға бой ұрып, оның рухани ізденістері «әлеуметтік әділеттілік, рухани бостандық және саф адамгершілік қағидаларымен тығыз ұштасқан» [4, 28 б.]. Оның қазақ әріптестері де өздері өмір кешіп отырған заманның зарына мұқият құлақ түріп, тірлігіне араласқан қоғамның қиянатына өткір сыншылдықпен көз тастады.

Бұл ақындардың қай-қайсысында «абакты», «түрме», «қамақ», «зындан» тақырыптарының кездесуі жайдан-жай емес. Өйткені, күллі тіршілік ортасы төрт құбыласы тұйықтаулы тас қапаса айналған уақытта ел үшін де, ер үшін де рух еркіндігінің нағыз сыналар тұсы осы. «Батыр Баян» атты поэмасын «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп бастаған Мағжан Жұмабаев бұл мәселені символдық дәрежеге дейін көтеріп, өзекті өрттей шарпигын өлеңдер тудырды. Оның «Айға» («Мінекей, қамаудамын тар үңгірде, Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге»), «Сағындым» («Кіп-кішкене терезелер темірлі, Мұндай үйден кімге естілер ащы зар?!»), «Тұтқын» («Кеудеде от, іште жалын, көзде жас, Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас»), «Мешіт һәм абақты» («Есалаң малданып жүр: «Қиялды ұстап, тарихтың таңында, - деп, - қойдым қамап»), «Түс» («Қор болды ғой қалың қайрат, есіл күш, Абақтыда қолдан келер қандай іс?»), т.б. жырлары жан-жақты тұтастана келе өз дәуірінің суретін жасайды. Х.Жавидтің өлеңдерінде де осы тақырып өзінше бір шешім тауып отырады («Бір қыздың жан айғайы немесе зындан түбінен шыққан бір дауыс», «Түрік тұтқындары», т.б.).

Романтикалық әдебиетте елдің өткендегі өмірін әсірелеп-әспеттеу сарыны мен ұлттық мінездің үздік үлгілерін қайта жаңғырту мұраты өз ара тығыз байланыста болады. Мұның қазақ поэзиясындағы келісті, кемел үлгісі Мағжан Жұмабаевтың романтизмінен көрінгендігі айқын. Жазушы Ж.Аймауытов ол туралы: «Қазақтың өткендегі өмірі мінсіз, кірсіз, идеальный өмір көрінеді, оған бұрынғы өткен қарттар да, байлар да, батырлар да, ақындар да, жақсылар да бұ заманда болмайтын жат адам болып көрінеді. Нағыз өмір, нағыз дәурен соларда болған. «Адам» деп, «ер» деп ауыз толтырып айтуға солар жарайды. Бүгінгілер немене? Адамгершілік, ар-ұяты жоқ, «қыбырлаған қоңыздар», «қорсылдаған доңыздар»... секілді көрінеді», - дейді [1, 414 б.]. Сөйтіп, этностың байырғы

тіршілігін дәріптеуге деген ынта-ықыластың оянуы сана түкпірінде сақтаулы ұлттық бағзы бейнелерді қайта тірілтумен қаз-қатар жүріп жататындығы анық. Бұл тұрғыдан саралап-салмақтағанда, екі ел ақындарының сенімін тоғыстырып, сөзін түйістіріп тұрған нәрсе – ортақ түріктік тек.

XX ғасырдың басындағы тарихи сананың түлеуі тек ұлттық мүддені ғана емес, одан әрідегі тереңде жатқан түп-тамырлардың бірлігінен өрбіген бауырластықты да жаңа жағдайда орасан жаңғыртты. Кавказдың қырқасынан Х. Жавидтің («Соғыс және қасірет» өлеңі):

Бір заманда айбыны асқан Тұранның,
Жетегінде жиһангерлік ұранның,
Қаһармандық даңқпен тарқап шерлері,
Түріктердің түкті жүрек ерлері,
Жердің жүзін шапқын қылды шаңдатып,
Үкім айтқан әрбір сөзін аңдатып.
Түріктердің кісінесе айғыры,
Бағынбаған қалды әлемнің қай қыры?!
Корольдарда, принцтерде, хандарда,
Ұлы шахта, зор патшада – жан бар ма,
Папалар да, халифтар да бағынып,
Тізе бүкті түріктерге жағынып, - деген қыран даусы саңқылдаса, Ұлы Дала-

ның төсінен Мағжан Жұмабаев «Түркістан» өлеңінде:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей...
Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?! – деп дабыл қағады.

Оған қазақтың тағы бір ақыны С.Торайғыров:

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,
Бір кезде Еуропанды тітіреткен.
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,
Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.
Кешегі хан Шыңғыстың ұрпағына
Талай царь, талай кнәз тәжім еткен, -деп шабыттана үн қосады [5, 210 б].

Алайда «өткен – аяулы» (М.Жұмабаев) дей отырып, ақындар бұрынғы түрік билігі мен бақуатының бүгінгісіне көңілдері көншімейді. Х.Жавид әлемді уысында ұстаған түріктердің шексіз мархабаты мен шуақты мейірімі өздеріне ақырында зиян-залалын тигізді деп санайды. Мысалы, Анадолы сарбаздарына арналған «Соғыс және қасірет» атты өлеңінің «екінші бөлімінде бір заманалар дүниеге билік жүргізген; жер жүзін дірілдеткен түріктің сол хәлі мен кейінгі хәлі салыстырылады» [6, 43 б]. Соның нәтижесінде көрген азабын, кешкен ахуалын күйзеле жырлайды:

Түрік ұлының бастан бағы ауғаны,
Топырақ құшты, көктен сұрап сауғаны.
Зорлық қаптап, бойды қарып қатты ызғар,
Көзіңді сал! Бойжеткендер, пәк қыздар,

Қасарысқан жауларының қолында,
Жаны құрбан ақ өлімнің жолында.
Бәрі босқын, бәрі аш пен жалаңаш,
Көп бишара... жанарыңды ала қаш!
Қаны саулап, көнбей дұшпан кәріне,
Бауыр іздеп зарығады бәрі де.
Көмек сұрап, пана тілеп жырақта,
Жан айғайын кім есітеді бірақ та?
Қамқоршы кім? Жүрегін кім ашады?
Бұл не пәле ұрпаққа зәр шашады?!
Иә, өлім – ең ұлы бақыт... қашады...

Х.Жавидтің «Түрік тұтқындары» («Türk əsirləri») атты өлеңінде біз сөз еткен «абакты» тақырыбы ұлттық ауқымнан аттап өтіп, бүтін түріктік, тіпті адамзаттық проблема дәрежесіне ұласады. Ол жержүзілік жалған қамқоршылардың «бірлік», «теңдік», «туыстық» деген ұраны алдамшының кебін киіп, жұрттың «саңырау», «соқыр» кейіпке енгендігін ашына айтады.

Осы зауалға ортақтаса отырып, «Қарашы төңірекке мойның бұрып, Алтай, Орал бойында тұрған түрік. Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ, Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...» деп өлеңге шемендей қатқан шерін төккен М.Жұмабаев, міне, осындай аса алмағайып сәтте әзербайжан шайырының «Көмек сұрап, пана тілеп жырақта, Жан айғайын кім есітеді бірақ та?» деген сауалына шалғайдан туысқандық үн қатады. Оның ақындық жан айқайы «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қураған бәйшешектей кепкен бауырым,
Қамалған қалың жаудың арасында,
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.
Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,
Өміріңше жапа көрген жаттан бауырым,
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,

Тірідей терің тонап жатқан бауырым! – деп сәлемін жолдайды. Қазақ үшін «бауырым» сөзі ең жақын туыстықты білдіреді. Сондықтан да ол әрі қарай: «Бауырым! Сен ол жақта, мен бұл жақта, Қайғыдан қан жұтамыз біздің атқа. Ылайық па құл боп тұру? Кел, кетейік, Алтайға – ата мирас алтын таққа», - деп, арадағы тау-тас, өзен-өлке, шет-шекара-ларды кедергі көрмей, рухты көтеретін ыстық лебізін жеткізеді.

Осының бәрінің тиянақты тарихи негізі бар-ды. Жазушы Сәбит Мұқанов бұл жөнінде: «...1914 жылы болатын жиһангер соғысында түрік немістермен одақтасып, орысқа қарсы соғысты. «Қазақ» газеті бар, жалпы ұлтшылдар – бәрі шынында түрік тілегін тіледі. Сол тілегін олар ауыл арасына да жайды. «Түрік жеңсе екен» деген тілекті қазақ даласы түгел тіледі деуге болады, түрікке қазақ байларының ынтасы құлағандығы сондай, балаларына Ануарбек, Талғатбек, Мұстафа, Кәмал, Әмірбек, Жамалбек, Сұңғатбек сықылды түрік патшаларының аттарын қойды. Ануар паша туралы ел арасында ертегі тарап, ел іші оны ертедегі Бабақұмар сықылды сиқырлы, айлакер адам және адамзатқа жетпеген күші бар палуан деп жүрді. Міне, елдің сол кездегі алдыңғы қатардағы адамдарына сондай түрікшілдік пікірді таратқан Мағжан сияқты оқығандар», - деп жазды [7, 202 б.].

Задында, Мағжанның түрік бауырларына ықыласы – бүкілхалықтың көңіл-күйдің поэтикалық пішіндегі жаңғырығы.

Өз жұрттарының дүниедегі орнын оңтайлап, тағдырын тұғырлаған романтик ақындар, әлбетте, «Батыс пен Шығыс» атты адамзат үшін мәңгі мәдени парадигманы парасат-пайымдарына сәйкес тағы бір парықтады. Өркениеттердің қауышуы мен қағысуы мәселесін олар гуманистік көзқараспен саралап-салмақтады. Әсіресе, бірінші дүние жүзілік

сөздер өзінің эзербайжандық ұлы замандасының таным-түйсігімен бір арнадан табылады. Сөйтіп, бір-бірінен қонысы алыс екі жерде, бір-бірінен қоғамы алшақ екі жақта өмір сүрген екі шаһбаз шайырдың поэзиясындағы «ұйқы» мотивін қарастырудың өзі көп идеялық және көркемдік сәйкестіктерге жол ашар еді. Бұл – арнайы зерттеудің жүгі боларлық жайт.

Қаншама қиналса да, игіліктен үміт ізбейтін Х. Жавид: «Әр түнекте бір сәуле бұлқынады, әр тірлікте бір қиял жұлқынады» («Нәр қарanlıқта җарғиғ бир нур, Нәр һәқиқәтдә бир хәуал уууур»), - деген тұжырым жасайды. Бұл байыптамамен М. Жұмабаевтың «Қараңғы болса қанша түн, Жұлдыз сонша жарқырап» деген жыр жолдары үндесіп тұр.

Профессор Н. Джафаров: «Эзербайжанда «қалыпқа сыймаған», ешқандай теңеуді қажет етпейтін ақындардың қатарында Хүсейін Жавид те бар. Ол – жалғыз, мұндай екінші ақын мен драматург болған емес, қазір жоқ және болмайды да. Мұны ашықтан-ашық айтқаннан өрескелдік байқалмайды. Өйткені ақын нақты дәуірде өмір сүреді, әр түрлі тақырыпқа қалам сілтесе де, ең алдымен өз заманын суреттейді. Оның кейіпкерлері әртүрлі елдерде, қилы жағдайларда, шартты мекендерде тіршілік етуі мүмкін; сөйте тұра, ақын нақты адресатқа үн қатады: бұл – көбіне өз замандастары, сирегірек – өз елі мен кезеңінің ауқымынан шығып, басқа ұлттар мен дәуірлерге қарата сөз сөйлейді, одан да азырақ – ақынға немесе жазушыға (әсіре айтылса да) әрқашан және баршаның тарапынан сұраныс болады. Бұл – Ниами, Данте, Шекспир, Сервантес және басқалар. Мұндай ұлылардың қатарына – бойларын билеген алапат сезім күші Шекспир кейіпкерлерінен қалыспайтын қаһармандары бар Хүсейін Жавидты батыл түрде жатқызуға болады», - деп жазыпты [10, 3-4 б.].

